



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;*

*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*

*Құрастырушы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Карашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)*

*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*

*составитель – Б. Карашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*





## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

### Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

### Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





## СТАЛИН КІНӘЛІ

Қарауыл Есекеңнің сау аяғы астындағы аттың бүйірін тепкілеп, кем аяғы жирен қасқаның қабырғасында тыпырлап, дала қосына тақағанда күн намаздыгер мен ақшамның ортасында теңселіп тұрған.

Басындағы бірбайлары ағарандап шөпшілер аспазы Полина көрінгенде қалтасындағы шақшаға қол жүгіртеді.

Ердің қасына түбін тықытып, кең танауға апарғанда ащы насыбайдың уытынан көзі жасаурап, әлгі бірбайлар тіпті аумыттанып кетеді. Кемпірі өлгелі осы әдетті тапты.

Генералдың қалыңдығы болғанмын дейтін Полинасы түскір Есекеңнің көзі жасаурады екен деп иілер емес.

– Аяғыңды қай қақпанға шаптырғансың? Кеше сап-сау емес пе ең? – деп өңшең жастардың көзінше қағытатынын қайтерсің?!

Есекең ол сөзді құлағының сыртынан жібереді. Уақытында «халық жауы» атанғаны осы елге мәлім.

Үй іші аштықтан топырақ жеп, көлдің көк суын ішуге айналғасын бағымындағы колхоздың бір

## ВИНОВАТ СТАЛИН

Когда сторож Есекен, целая нога которого, ударяя бок рыжего с белой отметиной на лбу коня, а покалеченная же – дрыгаясь на ребрах его, прибыл на полевой стан, время колебалось между закатом и вечерними сумерками.

Увидев Полину, повариху бригады косарей с белющим на голове платком, полез в карман за кisetом.

Постукав им о седло, втянул содержимое в широкие ноздри. От ядовито горького насыбая\* выступили слезы, белый платок поплыл в глазах. Пристрастился к этому занятию с тех пор, как умерла его старуха.

Пустившая молву о том, что некогда была невестой генерала, Полина, даже не обратила внимания на слезы в глазах Есекена.

- В каком капкане ногу потерял? Разве не вчера только бегал живым, здоровым? – стала задевать бестия при всей молодежи.

Хромоногий Есекен пропустил эти слова мимо ушей. Здесь всем известно, что в свое время он был объявлен «врагом народа».

Из-за того, что семья была вынуждена, чуть ли не есть землю и пить озерную воду, пришлось ему,

шыбышын жасырып сойған. Сол мойынға құн боп мінді, айықпас пәле боп жармасты.

Сот: «Шыбыш аман болса болашақта бір қора ешкі болғалы тұр еді, бұл – нағыз жаудың ісі!» – деп үкім айтты.

«Қап, әттең, текесін соймаған екем, жазам жеңілдеу соғар еді», – деп Есекең бармақ тістеп Колымаға жөнелді.

Барған бетте жүк тиеуге салып еді, бөрене құлап пәршелеп, оң аяғын қолына ұстатты. Содан арамен кестіртіп, жілік майдың орнына темір шыбық жүгірттіріп, дәкемен оратып, қайыспен шандытып кемтар боп оралды.

– Сен «халық жауы» емес, о бастан шыбыштың жауы болдың ғой, – дейді Полинасы антұрған қарап тұрмай.

– Ыш-ш... – деп Есекең әдетінше тұтығып қалады. – Ыш-ш... көрер ем... – Оңтайлы жауап таба алмаған Есекең ондайда мешел болған баладай құйрығымен жорғалап аспазға тақайды.

– Генералдың қалыңдығы болғанмын деп жұртты тапап кете жаздайсың. Ал, айт, ол қай заманның генералы? – Есекең енді бел ала бастайтынын сезіп, екі иығын қомдап-қомдап қояды.

– Мына қиян далаға шөп шаба келді ме, мал баға келді ме?

Шөпшілерге қызық керек, бір-бірін түрткіштеп, екеуінің аузын алма-кезек бағады.

Полина әскерде генералдан жоғары шен болады деп әсте ойламайды. Әйтпесе қосыла алмай қалған адамының дәрежесін қолма-қол өсіріп жіберуден тайынар емес.

Ақ қашып, қызыл әскер өкшелеп қуып, жұрт қалай ауарын білмей қорғасындай балқып тұрған шақ-ты.

Селоға үсті-бастары сары ала, салтанаты асып, кернейлетіп-сырналатып бір топ әскер кірді. Жайғасып жатып, топ-топ боп жаттығу өткізді.



пастуху, скрытно зарезать колхозную годовалую козу. Это и взвалилось виной на шею ему, опутало неотвязными путами.

Суд вынес приговор: мол, если бы годовалая коза была жива, то превратилась бы в стадо коз, так, что его действие – самая настоящая вражеская диверсия.

«Жаль, что не зарезал козла, обвинение было бы мягче», – сокрушаясь и кусая палец, Есекең отправился на Колыму.

По прибытии туда его поставили на погрузку. Упавшее бревно, раздробив, всучило его ногу ему же в руки. Отпилив ее, вставив вместо костного жира железный прут, обвязав сыромятиной, возвратился инвалидом.

- Не «врагом народа», с самого начала ты был врагом коз, – не унималась проклятая Полина.

- Ыш-ш, – прошипев по привычке, стал заикаться Есекең. – Ыш-ш, окаянная... Не нашедший подводящего отпора Есекең, как ребенок-инвалид, ползая на ягодицах, прикоснулся к поварихе.

- Кичишься тем, что была невестой генерала. Ну, говори, генерала каких времен? – Чувствуя усиливающийся в себе прилив энергии, Есекең стал прилаживать свои плечи, раздвигая их.

- Зачем он прибыл в эту даль, траву косить или скот пасти?

Косарям нужна забава, тыча друг друга, ждут очередного раунда перепалки.

Тетка Полина не знает, что в армии бывают чины выше генерала. Иначе не преминула бы тут же повысить статус того, с кем не суждено было соединить судьбу.

Было время, белые отступали, красные наступали им на пятки, народ же, не зная, чью сторону принять, был в состоянии расплавленного свинца.

В село, в желто-пестрых мундирах, под звуки браваурного марша, вошло воинское подразделение. Расквартировавшись, разбившись на группы, стали проводить воинские упражнения.



Өзі он бестегі бойжеткен-тін. Күнде клубқа барған сайын үстіндегі біркиер көйлегінің етегін екі елі қысқарта беретін еді-ау.

Бір кеште би басталсын. Өңшең апайтөс жігіттер. Көзің бірінен соң біріне құлайды. Ән деген ағытылып жатыр.

Маңдайына түскен кекіл шашын демімен үркітіп тұрған бұған ешкім үйірілер емес.

Әлден уақытта бұғағы текшеленіп кеткен генерал былғары етігін сықырлата мамырлай басып кеп қолын созсын.

Есін бір жиғанда қурайдай боп генералдың құшағында қалқып жүр екен.

Жігіттер де соны күтіп тұрғандай құтырынсын кеп.

Шағын клубтың едені мен төбесі қоса селкілдейді. Есін бір жинағанда генералдың аузын айналып кеткен сояудай мұрты мен быршып терлеген жүзіне көзі түсті.

Қозы қарны жоғары-төмен ойнайды. Өзі арбалып қалған торғайдай екі аяққа кезек секіреді. Сарт-сұрт шапалақ. Есін бір жиғанда...

– Доченька, – деді екі айдан соң, – біз аттанып барамыз. Қош бол!

– Мені ше?.. Алып кет... – деген жас қыз көз жасына тұншығып.

– Жо-жоқ! Алдымызда ауыр жорық тұр. Осында қаласың. Мә, бұл – еңбегің, – деген бір құшақ ақшаны алдына төгіп. Сол кеткеннен қарасын батырды.

– Кіпитан болса да аздық етіп пе? – дейді Есекен қаралай қызғанып.

– Иығында, жеңінде баданадай-баданадай әскер белгісі самсап тұратын.

– Онда сендей қатынды тастап жын ұрып па? – Шыбыштың кесірінен «халық жауы» атанып, соғыс көрмеген Есекен одан әрі таласуға батпайды.

– Ойбай-ау, сорлы басым... Полина жастықтың

Ей было тогда пятнадцать лет. Каждодневно, собираясь в клуб, укорачивала на два пальца единственное платье.

В один из вечеров начались танцы. Сплошь широкогрудые парни. Взгляд блуждает от одного к другому. Песни льются потоком.

К ней, дующей на свою челку, ниспадающую на лоб, никто не подходил.

Через некоторое время генерал, со сложившимися складками двойного подбородка, скрипя кожаными сапогами и волоча ноги, протянул ей руку.

Придя в себя, обнаружила, что, как тростиночка, оказалась в объятьях генерала.

Парни, словно ждали этого, начали беситься.

Соединившись, полы и потолок небольшого клуба затряслись. Когда снова вернулась реальность, увидела торчащие, как занозы, усы вокруг рта и град пота на лице.

То, подскакывая, то, опускаясь, плясал обрюзгший живот. Сам, как воробей, подпрыгивал, меня опорную ногу. Громкие аплодисменты. Снова, еще раз, придя в себя...

- Доченька, – сказал он через два месяца. – Мы отправляемся. Прощай.

- А меня... Заберите меня, – захлебываясь слезами, умоляла молоденькая девушка.

- Не-нет! Впереди у нас тяжелый поход. Останешься здесь. Вот, возьми за ласку, – сказав это, выложил перед ней огромную охапку денег. С тех пор его и след простыл.

- Разве мало, если был бы даже капитаном, – замечал Есекен, явно завидуя.

- На плечах, рукавах валом-навалом, как доспехи, были пришиты знаки воинского отличия.

- Тогда, почему он бросил такую бабу, как ты, черт его, что ли, дернул? Из-за годовалой козы навешанный ярлыком «врага народа», Есекен готов был спорить и дальше.

- Ой-ой-ой, голова моя садовая... Полина, скрыв



желігімен... бірауық солдаттармен де билеп қойғанын, әлгінің ақтың генералы екенін соңынан естігенін бүгіп қап, «сорлы басым» деген сөзге ғана күш түсіреді.

Шөпшілердің дала қосына ерте жиналғанын Есекең енді байқады. Манадан бері Полинаның бірбайларынан басқаға көзі түспегенін астындағы жирен қасқадан көргендей, төрт өрме қамшысын көтерді.

Шабан ат қымсынып, бүлкілге басты. Күнге күйіп тотыққан жігіттердің даусы жарқын-жарқын шығады. Сөздері анық естілер емес, әлсін-әлсін күлкі килігіп, көміп кетеді.

– Ыш-ш... ау, жігіттер, амансыңдар ма? – деді Есекең тізгінін тарта беріп шөпшілерді түгендегендей.

– О, Есеке, хош келдің! – Жас жезде, түс аттан! – Бәсе, Полина апамыз қазан жаққа жиі барып кеткен. Сізді қарап жүр екен ғой.

Аман болсаңдар жарады, – деп Есекең қанша нығызданса да, жерге әуіріммен аяқ ілікпеді. – Полинаның қолынан бір семіз шай ішіп кетейін деп бұрылдым.

– Нағыз семіз шайды бүгін ішесіз. Қазанда ет былқып тұр. – Тұрсын бригадир көзін күлмендетті.

Қостағы бөлмесінен етегін теуіп тастап асыға басып шыққан аспаз ортаға буын бұрқыратып қызыл қуырдақты қойды.

– Жігіттер, мен қай тойға тап болдым? Мәнісін түсіндіріндерші. – Төрге жайғасқан Есекең аяқ астынан ішпей масайып, жемей тоғайды.

– Есеке, біздің бригада совхоз бойынша ең озат деп танылды. – Сөз бастаған Тұрсын маңдай терін сұқ саусағымен сыпырып төкті.

– Мына отырған жолдастардың еңбегіне сенген соң, несіне сасайын, бәйгемізді шаппай бер деп директордың алдында отырып алдым.



то, что по ветряной молодости... временами танцевала и с солдатами, что только потом узнала, что это был белый генерал, с выразительной силой вместила в слова «голова моя садовая» все эти тайны.

Только теперь Есекен заметил, что косари на полеваном стане собрались рановато. Как будто виновным в том, что до сих пор кроме белого платка Полины он ничего не замечал, был его рыжий конь, стеганул его четырехгранным кнутом.

Ленивый конь, встрепенувшись, поскакал медленной рысью. Голоса закаленных на солнце джигитов раздавались громко. Слов не слышно, вторгаясь временами, их заглушал смех.

- Ыш-ш, ау, джигиты, целы, здоровы ли? – натянув поводья, обратился к ним Есекен, словно пересчитывая косарей.

- Оу, Есеке, добро пожаловать. Зятек молодой, сходи с коня. То-то тётка Полина зачастила к казану. Видать, ждала вас.

- Ну, и хорошо, что здоровы, – как бы Есекен ни силился, с трудом коснулся ногой земли. - Завернул, чтобы попить густой чай из рук Полины.

- Густой, настоящий чай будешь пить сегодня. В казане уже ждет разваренное мясо, – заулыбался бригадир Турсун.

Поддевая подол своего платья, спешащая повариха поставила на стол дымящееся жаркое.

- На какой такой праздник я попал, джигиты? Объясните же, – спросил расположившийся на почетном месте Есекен. Изобразив сытость, к пище притрагиваться, не стал.

- Есекен, наша бригада признана самой передовой в совхозе. Начавший разговор Турсун, сгребая пот со лба пальцами, выплеснул его.

- Уселся перед директором, коль он был доволен трудом сидящих здесь товарищей, чего мне стесняться, – потребовал полного вознаграждения.





Аттай екі жүз сом сыйлық пен үздіктеріміздің тракторына байлайтын бес жалаушаны таңертең қос басына жеткіздім-ау...

– Ой, ерім-ай, жарадың! – Көптен жаңа трактор тақымына түспей жүрген Нұқ бригадирге деген өкпесін ұмытып, қопандап қалды.

– Ыш-ш... «Құтты қонақ келсе қой егіз табады» деген. Көрдіндер ме, мен келгенде ақша мен жалаушаны қатар ұстадыңдар.

– Айтпа, оның енді рас! Сенің үлесің зор. – Полинаның әзіл-шыны қағытқаны ішіне жылу жүгірткен Есекен қайраттанып, алдындағы қалайы қасыққа жармасты.

– Ал онда не отырыс бар? Бұ да бір дәурен!

Дәурені жүріп тұрғанда шөпшілер қуырдақ пен араққа қиянат жасаған жоқ. Бір-біріне басытқы ұсынып, қоймай арқадан қағысты.

Есекеннің өзі де Полинаның өңірінен тас қып ұстап тұрып, аузына екі-үш мәрте қуырдақ салды. Соған арқаланды, білем:

– Ыш-ш... бұл өмірдің этесіне нәлет! Өтеді де кетеді, жігіттер! Қоныштан басып қалайық.

Мен қарауыл боп тұрғанда ештеңеден саспандар. Қораларына түнделетіп бір-бір машинадан шөп түсіріп алындар, – деп салды. – Полинаға өзім жеткізіп беремін.

– О, азаматым! – Солай десең керек-ті.

– Ыш-ш... денсаулық барда неден аянайын?! – деп Есекен екі аяғын жарыстырып жіберді.

Манадан бері араққа иелік жасап отырған Аманжол қызыңқырап қалып, үстінен шолақ жең көйлегін сыпырғанда, кеудесінде тушыпен салған бір адамның басы көрінді.

Суретті жыға танымай, үкікөзденіп біраз отырған Есекен ақыры шыдай алмады:



Вместе с премией в размере двухсот рублей привез с утра на стан и пять вымпелов, чтобы приладить их на трактора наших передовиков...

- Вот это поступок, молодец. – Уже давно не получивший новый трактор Нух, позабыв обиду на бригадира, резко задвигался.

- Ыш-ш, говорили же, коли придет в дом счастливый гость, – овца родит двойню. Видите же, с моим приходом получили и премию и вымпелы.

- Не говори, что, правда, то, правда. Твое участие весомо. – Наполнившее его теплом подтрунивание Полины, похожее не только на шутку, но и на правду, придало ему силы, он взялся за ложку, лежащую перед ним.

- Так, что теперь сидеть-то. Чтобы жить, да поживать, надо есть и жевать.

Пока всё шло удачно, косари не ограничивали ход жаркому и водке. Угощая, все норовили кормить друг друга с руки, при этом похлопывать по спинам.

И сам Есекен, крепко ухватив Полину за нагрудник, втиснул ей в рот две-три ложки жаркого. Видимо, это распалило его:

- Ыш-ш, к дьяволу эту жизнь! Пройдет и уйдет, джигиты. Давайте топтать ее по голенище.

Пока я сторож, ничего не опасайтесь. Каждый в свой двор отвезите ночью по машине сена, – произнес он. – Полине я сам отвезу.

- Вот, это слова настоящего мужа! Давно бы так!

- Ыш-ш, пока есть здоровье, чего мне жалеть, – понесло Есекена, и он пропустил наперегонки две чарки.

Когда, разливавший до этого водку, Аманжол, охмелев, сдернул с себя рубаху с короткими рукавами, на груди появилась татуировка чьей-то голы.

Не узнав рисунок сразу и рассматривая его совиными глазами, но не выдержав, Есекен наконец



– Ыш-ш... шырақ, анау омырауындағы алақандай кім? Совхоз бастықтың суреті ме? Жазда күнқағары бар кепкі киетін еді.

– Оу, ақсақал, көзіңізге қос көрінді ме? Бұл өзіміздің Сталин ғой.

– Сталин дейд! Ой, аузыңа!.. Мені Колымаға айдататынның өзі ме?! – Есекең ұзынды-қысқалы аяғын бауырына жинап, ата дұшпанын енді танып, кәрі бүркіттей қомданды.

– Оны әспеттеп кеудесіне басып, кеудесін бригадамыз боп бәйге алған кеште маған қаратып...

Қолына алған кезекті шөлмегінің тығынын Аманжол ауызбен жұлып ап, шөп түйгіш Т-25 тракторы тұрған жаққа ашумен үкітіп жіберді.

– Ақсақал, сіз отырған жерде мен де болғанмын. Так, что... – Бәкене бойлы, шағыр көз, ақ кірпік, шымыр жігіт тізерлей кетті.

– Жанжалды доғарыңдар! Мен сендерді совхоз дирекциясы атынан тәртіпке шақырамын. – Тұрсын бригадирдің өктем шыққан даусы екеуінің дауын өшіріп тастады.

– Қазір жалаушаларды тапсыру рәсімі болады. Сосын Полина апай ән салады.

Кеу-кеулесіп отырған жігіттер негізгі шараны ұмытқандықтарын еріксіз мойындасып, қасық пен стаканнан ауыздарын ажыратты.

Тұрсын бригадир орақ мұрнын біраз саумалап, қабағын шытып отырды да, орнынан көтерілді.

Бағанада ілулі тұрған бешпентін армансыз ақтарды. Ақыры қызыл жалаушаларды шалбарының қалтасынан тапты. Алақанымен үтіктегендей ғып бір-бірлеп қыртысын жазды.

Мұндайда аспаз да тартына қоймайды. Иығына шәлісін жамылып кеп міндетті түрде ән бастайды.

Әннің «Педменула ты меня пидманула» деген жо-

спросил:

- Ыш-ш, свет мой, кто это у тебя на груди, величиной с ладонь? Портрет директора совхоза? Летом же он носит кепку, защищающую от солнца.

- Оу, аксакал, у вас что, в глазах двоится? Это же наш Сталин.

- Сталин, говоришь? Как же, тот самый, отправивший меня на Колыму? – Есекен, притянув к животу и нормальную, и изуродованную ногу, только что, узнав своего кровного врага, поджался, как старый беркут.

- Украсив им свою грудь... показывая эту грудь мне... именно в тот вечер, когда бригада завоевала звание...

Откупорив очередную бутылку зубами, Амонжол, рассердившись, швырнул пробку в сторону бульдозера Т-25.

- Аксакал, Есеке, там, где сидели вы, я тоже побывал. Так, что... Невысокого роста, сероглазый, крепкий джигит привстал на коленях.

- Прекратите скандал! От имени директора совхоза я призываю вас к порядку, – повышенный голос бригадира Турсуна заглушил оба голоса.

- Сейчас состоится вручение вымпелов. Потом тетка Полина споет нам.

Гудящие джигиты, невольно признав то, что забыли основной ритуал праздника, оторвались от ложек и стаканов.

Бригадир Турсун, посидев немного, нахмурившись и поглаживая свой острый нос, поднялся.

Начал рыться в куртке, висящей на стойке. Наконец, нашел вымпелы в своем кармане. Как бы утюжа их ладонями, выгладил по одному.

В такие вечера повариха, как правило, не могла отказать в просьбе. Накинув на плечи шаль, затягивала задушевную песнь.

Дойдя до строки «Ты ж, меня пидманула», навер-



лына келгенде міндетті түрде көзінен екі тамшы үзеді.

Ондайда маңдайының әжімдері батыңқырап, алқымы қызарады. Мұнданып, көкжиекке таяп қалған бұлттарды қуа қарайды.

– Соңғы жалауша – озат шабушымыз Нұқ жолдасқа! Бригадир қалыптасқан дәстүр бойынша қол басындай жалаушаны желбіретіп ұстап, салтанатты түрде иесіне табыс етіп, бетінен сүйгелі ыңғайланды.

Өзінен бұрынғы төрт озаттың жалаушаны қалай қабылдағанын көрген Нұқ оң қолын алдына салып, жауап ретінде өзі де сүйгелі аузын аша берген.

– Тоқта! Бұл жалауша маған тиесілі, – деп Аманжол ортаға баса-көктеді. Түрмеден шыққан, қаны қарайған бұзық немеге тоқтау болар емес.

Тым арынды. Бара салып бригадирдің қолынан жалаушаны жұлып та алмады. Тек белуардан жалаңаш күйі шәниіп тұрды. – Әкел, әкел бері! – деп жалғыз саусағымен шақырды.

Анталаған жұртқа жалауша ғана емес, қызық та керек.

Сасып қалған Тұрсын: – Жалаушаны саған неге береміз? Бұл – шабушы Нұқ жолдастікі, – деп қолын артына жасырды.

– Ол шапса, мен шөпті жинаймын. Мен кімнен кеммін?! – Шақылдаған бәкене бойлы жігіт те берісер болмады.

– Жыртыл, қазақ, жыртыл! – деп батысқа қарай қонар ұясына дүркірей ұшқан ала қарға қарқылдасты.

– Қанаты бүтін қарға жоқ, – деп, Есекең осыны түсініп қалғандай жатып-тұрып ақсап ортаға шықты.

– Мен – кемтар, Полина – жесір, мұның көңілі жетім. Үшеуміздің атымыздан бір қызыл матаны



ное, вспомнив своего генерала, невольно пускала из глаз две слезинки.

При этом морщины на лбу углублялись, горло снаружи краснело. С грустью провожала глазами облака на небосводе.

- Последний вымпел передовому косарю товарищу Нуху! По сложившейся традиции, бригадир, взяв в руки небольшой развевающийся на ветру вымпел, приготовился торжественно вручить его и поцеловать награждаемого.

Видевший как вручали вымпелы четверем его предшественникам Нух, протянув правую руку, открыл рот для ответного поцелуя.

- Стой! Этот вымпел положен мне, – горланя, Аманжол выскочил на середину. Уже никто не мог утихомирить отсидевшего в тюрьме хулигана, поставившего самому себе диагноз: «с испорченной кровью».

Разошелся вконец. Ринувшись к бригадиру, не смог вырвать вымпел из его рук. Только, выставив голый торс и поманив одним пальцем, выговорил: – Дай, дай сюда.

Окружающим нужны были не только вымпелы, но и забава.

Растерявшийся Турсун, выговорив: – Почему мы должны отдать вымпел тебе? Он принадлежит косарю товарищу Нуху, – спрятал вымпел за спину.

- Если он косит, то я убираю сено. Ну и что же. Чем я хуже других?! – Не уступал выражающийся развязно коренастый джигит.

- Схватись, казах, дерись, – прокаркала летящая к своему гнезду на запад пестрая ворона.

- Нет ворон с целым крылом – как будто уловив вороний язык, Есекең, хромая, вышел на середину ристалища.

- Я – калека, Полина – вдова, а его желание – сирота. От имени нас троих не пожалейте от этого



осы балаға қиындар.

Апыр-ай, солай екен-ау, қайтіп ескермегенбіз дегендей, көпшілік бір-біріне қарасып, бәсеңсіген.

– Өзіме тиесілі сыбағаны алмай қоймаймын! – Жалауша қолынан сырғып кеткелі тұрғанын енді анық сезген Нұқ көтерілсін. – Аманжол деген – Сталиннің жақтасы. Мен деген...

Сонымен мәңгі бірікпейтін екі платформаның шайқасы басталып кетсін. Өрістей келе Полинадан басқа шөпшілерді түгел қамтыды.

Жалғыз өзі бір жақ Аманжолдың айбатына ешкім шақ келер емес.

– О, бәтшағар, біліп ем, – деп қалың өрттің ортасынан басын аман алып шыққан Есекең Полинаның жанына жетіп, бейбіт топ құрады.

Көп көптігін істеп, ақыры Аманжолды жеңе бастады. Шегіне соғыс салып жүрсе де, бәкене жігітке жолап кеткені баж етіп кері қашады.

– Соғуға қолы қысқа, тістеп жүр, – деп Есекең Полинаға дүмбіл-дүмбіл түсінік беріп қояды.

Май құйрықтан не қыр аркадан ауыз салдырып «о» таңбасын алғандар қайтып беттемей ығысып кетеді.

Еңсегей бойлы ебедейсіз Нұқ пен Аманжолдың шайқасы қысқа-қысқа жауаптасудан басталып, ұзаққа созылды.

Лып етіп артына айналып кетіп, құйрықтың бой жетер жерінен тістеген бәкенеден Нұқ құтылар болмады.

Шақалға алдырған өгіздей өкіріп, май топырақты бұрқыратып ілестіре қашты, тұра қап тепті, жата кеп боқтады. Жан алқымға тірелгесін төсқалтасында жүретін кішкене бәкіні бәкененің кеудесін ала сілтеп кеп жіберді...



парня куска красной материи.

Будто подумав: «Действительно, на самом деле так, и почему же мы не учли», – толпа утихла.

- Не успокоюсь, пока не получу то, что мне положено! – поднялся Нух, почувствовавший, что выпел ускользает из его рук. - Аманжол сторонник Сталина. Я же...

Таким образом, началась схватка двух непримиримых сторон. Она, разгораясь, охватила всех косарей, исключая Полину.

Грозному одинокому Аманжолу, представлявшему целый лагерь, противостоять было трудно всем.

- О, чертовщина, знал же, – пробормотал вынесший свою голову из пламени Есекен, и, встав, рядом с Полиной, составил лагерь миротворцев.

Массы, навалившись массой, стали одолевать Аманжола. Приблизившиеся к коренастому джигиту бойцы отскакивали с визгом, потому, что тот бился, даже отступая.

- Для битвы у него руки коротковаты, кусается, – давал Полине комментарии Есекен.

Отмеченные укусами на ягодицах или спинах косари, не посмеив вступить в битву снова, отходили в сторону.

Схватка Аманжола и высокого, но неуклюжего, Нуха, начавшаяся с короткой перепалки, затянулась надолго.

Нух не мог оторваться от вцепившегося в область ягодицы коротышки. Только эту часть тела смог достать его рост, после того, как он, юркнув, забежал за спину и пустил в ход зубы, оставившие на мягком месте отметину, напоминающую букву «о».

Нух, поднимая жирную пыль и волоча его за собой, бежал, ревя, словно вол, ставший жертвой шакала. Сначала стоя, а затем уже лежа, стал мтериться. Когда уже душа уперлась в глотку, вытащив из нагрудного кармана перочинный нож, резанул им грудь коротышки...



– Бұл да аталардан қалған бір мұра, – десін Есекең мен Полинаның қасына жылысып жеткен алаңғасар Сейіт.

– Шөп шабуды айтасың ба?

– Жоқ, төбелес деймін.

– Ыш-ш... жағыңа жылан жұмыртқалағыр! – Ыза болған Есекең қос көзімен атып-атып алаңғасарды жыға алмағасын шарасызданып Полинаға қараған.

Манадан бері төбелестен көз алмай тұрған аспаз шаян шағып алғандай: – Ойбай, Есуша, Аманжол қолына мылтық алыпты. Қашайық! – десін.

– Ыш-ш... не дейд?! – деп бұрылып еді, жанында не аспаз, не алаңғасар жоқ. Зым-зия. Айғырдың тезегіндей боп топтанып тұрған шөпшілер қостың сыртын ала ұйтқытып барады.

Бұл сұмдықты көріп тұрып шыбын жан шыдас берер ме?.. Сау аяқты алға, кем аяқты артқа тастап Есекең де орғыды.

Артта – арыстандай ақырған Аманжол... Байбаламды салып, жантәсілім дегенде қостың есігіне қол іліктірген. Мылтық гүрс етті. Есекеңді белуардан кеп ұрды...  
Айналаны оқтың көк түтіні көмген. Көз байланып қалған қараңғылық бар.

Қос басына жолауға ешкімнің жүрегі дауалар емес. Бір басып, екі басып тақырға жасырынған шөпшілер жау дзотына беттегендей тұсалып қалды.

Әрқайсысы баспалап кеп тракторына міне ауылға аттандап қашайын десе, қоста қанға бөгіп Есекең жатыр.

Жараланса басын сүйеп, аузына су тамызу ләзім. Жазым боп кетсе оған не шара, орталықты «ой, бауырымдап» көтеру парыз.



- Это тоже одно из оставшихся от предков наследие, – выговорил пододвинувшийся к Есекену и Полине повеса Сеит.

- Ты говоришь о сенокосе?

- Нет, о драке говорю.

- Ыш-ш, да гнездятся под скулами твоими яйца змеи! – разозлившийся Есекең, выплеснув проклятье, вперил свой взгляд в легкомысленного Сеита. Не добившись же ничего, безнадежно посмотрел на Полину.

Стряпуха, до сих пор не отрывавшая взгляда от драки, взвизгнула, словно ее укусил скорпион: «Ой-бай, Есуша, Аманжол взял в руки ружье. Бежим!»

- Ыш-ш, что ты говоришь!? – не успел спросить, как заметил, что около него уже нет ни поварихи, ни повесы. Пустота.

Косари, составлявшие кучу, разбросавшись, словно помет жеребца, вздыбливая пыль, бежали со стана. Увидев этот ужас, не выдержала и жизнелюбивая душонка Есекена. Выбрасывая здоровую ногу вперед, волоча покалеченную, он тоже ринулся бежать.

...Косари... ревуций, как лев, Аманжол... Вопя, отдав свое спасение своей душе, Есекең успел лишь ухватиться за дверную ручку вагончика. Грохнуло ружье. Его ударило сзади... Все вокруг покрылось дымом от выстрела. Темнота.

Никто не решался приблизиться к тому месту. Притаившиеся косари, осторожно ступая по растрескавшейся земле, замерли, словно они находились перед вражеским дзотом.

Каждый был не прочь, запрыгнув на свои трактора, податься в аул. Но у стана лежит окровавленный Есекең.

Если он ранен, то надо ведь, приподняв его голову, поднести воду ко рту. Коли произошел несчастный случай, то что необходимо сделать, – нужно поднимать аул.



Өздері тастап қашқан қосқа салып-ұрып жетіп барайын десе, қаражүрек Аманжол қандыауызын туралап... Кәпірдің беті әрмен! Тек өзімен кетсін.

Ақыры жаяу әскер болдым деп аяқтыға жол бермейтін Сапи: – Есекеңнен жанымыз артық емес. Жүріңдер, жігіттер! – деп жер бауырлап жылжыды.

– Артық деп тұрған біз жоқ. Тек босқа тағы біреуіміз шығын боп кетеміз бе деп тұрмыз.

Айтуын айтса да, артта қалып қоюды намыс көріп, ұзыны тізерлеп, тапалы еңкейіп жалғыз аяқ жолға түскен керуендей шеру тартты.

Әлсін-әлсін тың-тыңдап, қос басына да таяды. Иіс аулаған киіктің текесіндей танауларын желге тосты.

Көк шөп пен ауаға тараған оқ-дәрі иісінен басқа ештеңе сезілер емес. Жым-жырт.

Жарықтығым-ай, Есекең жантәсілім еткен екен, жараланса қиналған даусы естілер еді. Тіпті көмекке шақырмас па?

Қостың есігі сарт етіп ашылды да, әлдекім қараң етіп шыға келді. Есекеңді аяп, ой қуып, не істерін білмей, пұшайман боп жатқан Сапи бастаған шөпшілердің біреуі:

– Ойбай, Аманжол! – деп шыңғырып жіберді.

Сол сол-ақ екен, бір-бірінің басынан қарғып, опыр-топыр маңып кеп берсін.

– Әй, қайда қаштыңдар? Келсеңдерші! – деген Полинаның ренішті даусы естілмегенде, сол екпінмен көрші бригаданың жеріне өтіп кетер ме еді, қайтер еді?..

– Айттым ғой аспаз шығар деп.

– Осы сенің сужүрегің-ай!

– Аманжол деп айқайлап, шырықты бұзып.

Самим бы подойти к тому месту. Но «испорченная кровь» и скрежет зубов Аманжола... Да отвернется лик безбожного. Пусть пропадет сам собой.

Наконец, бравировавший тем, что был пехотинцем, Сапи, роняя: – Наши души не лучше Есекеңна. Идемте джигиты, – пополз на боку.

- Да мы тоже не прочь. Только думаем, что еще один может напрасно погибнуть.

Хотя и высказали сказанное, но посчитав, что оставаться все же не гоже, высокие на полусогнутых ногах, низкорослые, пригнувшись, двинулись друг за другом, как караван по узкой тропе.

Часто прислушиваясь, приблизились к вагончикам. Как самцы сайги, принюхивающиеся к запахам, раздули ноздри в сторону ветра.

Кроме запаха зеленой травы да гари от ружейного выстрела, распространившегося в воздухе, ничего не ощущалось.

Несчастный Есекең, видать, отдал душу, если бы был ранен, то слышны были бы стоны. Нехорошо, что даже не зовет на помощь. Тьфу! Тьфу!

Косари, которых вел за собой Сапи, ползли, жалея Есекеңна, размышляя и не зная, что делать. Тут дверь одного из вагончиков с треском открылась, кто-то вышел в темноту, а один из них вдруг завизжал:

- «Ой-бай, Аманжол!»

Тут же, перепрыгивая, топча друг друга, дали стрекоча.

- Эй, куда побежали. Идите же сюда, – если бы вослед не раздался обиженный голос Полины, кто знает, в этом темпе могли бы перебежать и территорию соседней бригады.

- Говорил же, кажется, стряпуха.

- Ну и трусливая же твоя душонка!

- Нарушил спокойствие криками об Аманжоле.



– Көріп алдық әуселесін, – десіп жүректерін бекітіп, тізенің дірілін басып, ес жиған шөпшілер қосқа қайта беттеді. Есік алдына кеп үйірілгенде, аспаз іште екен, қайта шықты.

– Полина апай, Есекең не халде?

– Жатыр... прямо белуардан... несіне бездіңдер?... Свет жақсаңдаршы, – деп аспаз әр сөзін бөліп-бөліп айтты да, қазандыққа қарай асып жүре берді.

– Ойбай, белуардан қан дейді.

– Әл үстінде дейді.

– Тап-таза маскара болдық-ау!

– Осының боларын күні бұрын біліп ем.

– Қой, босқа тұрмай басын сүйейік, – десіп бір-бірлеп қосқа кірді. Ағаш нарға жетіп жығылған Есекең басын көтерер емес. Көзін тас жұмған. Тек желпілдеген кең танауы ғана кеудесінде пысы бар екенін білдіреді. Полина тұтатқан жалғыз шырақтың көлеңкесі терезеден келген самалмен билейді.

– Есеке-ау, қалайсыз?

– Біз сізбен қашанда біргеміз. – Тұрсын бригадир көзіне жас алды.

«Халдің несін сұрайсыңдар?» дегендей Есекең көзін болар-болмас ашып, уһілеп, майдан даласында құлаған жауынгердей сұлқ түсіп жата берді.

– Кәне, не тұрыс бар, шалбарын ептеп шешіп, жарасын таңайық. Қан көп кетіп қалмасын. Біреуің тездетіп дәрігерге шабыңдар, – деп бригадир билікті түбегейлі қолға алды. Білекті сыбанып кіріскелі тұрған жігіттерге Есекең ыңғай берер болмады. Тіпті шалбарын шешкелі белбеуіне жармасқан бірін қағып жіберіп, өзі қос қолдап ұстап жатты.

– Неғып тұрсыңдар свет жақпай? – деп ішке сөй-

- Узнали его силушку, – сделав такой вывод, укрепив сердца, успокоив дрожь в коленях, собравшиеся с мыслями косари, снова направились в сторону вагончика. Когда столпились у двери, повариха, оказывается, была внутри, но вышла снова.

- Тетушка Полина, что с Есекеном?

- Лежит... прямо в поясницу... и чего вы бежали... Включите же свет, – высказав каждое свое слово в отдельности, направилась в сторону очага.

- Ой-бай, говорит по пояс в крови.

- При смерти говорит.

- Попали же в переделку!

- Знал же заранее, что так и будет.

- Ладно, не будем стоять зря. Поддержим хоть голову, – будто договорившись, стали по одному заходить вовнутрь. Вползший сюда и упавший Есекең, лежа на деревянных нарах, не способен поднять даже голову. Глаза наглухо закрыты. Только двигающиеся ноздри дают знать о том, что жизнь еще теплится в груди. Тень от единственной свечи, зажженной Полиной, танцует от дуновения вечернего ветра, залетающего в окно.

- Есеке-э-эй, как вы?

- Мы всегда вместе с вами. – Бригадир Турсун прослезился. Словно намекая на то, что спрашивать-то о состоянии ни к чему, чуть-чуть приоткрыв глаза, будто боец, сраженный на поле боя, ахая, продолжал лежать неподвижно.

- Ну-ка, что стоять-то, снимем осторожно штаны, перевяжем раны. Чтоб крови много не потерял. Один из вас пусть отправится срочно за врачом, – распорядился бригадир, полностью взяв в руки бразды правления. Джигитам, готовым приняться за дело, засучив рукава, Есекең не поддавался. Даже по мере стягивания штанов, отмахиваясь от рук, взявшихся за ремень, сам обеими руками схватился за него.

- Что ж вы свет-то не зажжете, – с ворчанием за-



лей кірген аспаз қостың есігін сарт жапты.

– Есекеңе көмек берейік деп.

– Жарасын таңайық деп.

– Қайдағы жара? Қорыққаннан іш киімін бүлдіріпті. Қараймын деп білегіме дейін былғап алдым. Міне, міне, – деп Полина жігіттерге қолын жағалай иіскетіп шықты.

– Ыш-ш... қой, қорыққаннан болмас, – деп енді жата берудің мәні жоқ екенін сезген Есекең үш ұмтылып басын зорға қалтитты.

Шөпшілердің ішегі үзілуге айналды.

– Тұз да болса оқ қой. Содан шығар... – деп Есекең енді орнынан тұрғысы кеп, бүк түсіп ішін басып жатқан екеуге қол созды.

– Құдай, қарға үркітетін жаман мылтық емес пе, – деп Полина қолына қарап әлсін-әлсін бас шайқады. – Иісінің жаманына не берерсің?

– Бұл қолмен пісірілген тамақты енді қайтіп ішеміз? – Сапи көпшіктен басын көтере бере кері құлады. – Ой, ішегім-ай! Генерал ұстаған қайран ақ саусақ!

– Топырақпен екі қайыра ысқылап жуса түк те етпейді.

– Соған да ақылдарың жетпей ме дегендей, Есекең алара қарап сәл тұрды да, екі иығы селкілдеп өзі де қосылды.

Полина екі кір сабын мен бір орамалды Есекеңнің қолына ұстатты: – Сау аяғыңнан суға салып таңға дейін байлап қоймаса қапелімде тазармассың.

Әншейінде айтыса кететін Есекең бұл жолы абыройы ит құйрығына байланған соң «ыш-ш...» деп кідіріп тұрды да, кібіжіктеп шығып кетті.



шедшая внутрь повариха, наглухо закрыла дверь.

- Хотели помочь Есеке.

- Собрались перевязать раны.

- Какие раны! От страха испортил белье. Решив посмотреть, запачкалась по локоть. Вот, вот, – дала понюхать руку всем подряд.

- Ыш-ш, прекрати, – наверное, не от страха, – молвил Есекең и, почувствовав, что лежать уже нет смысла, после трех попыток привстать, еле-еле поднял голову.

У косарей чуть ли не начали рваться кишки от смеха.

- Хоть и соль, но все же заряд. Наверное, от этого, – молвив это, Есекең, желая подняться с места, – протянул руки двум косарям, согнувшимся от беззвучного смеха и схватившимся за живот.

- Боже, это же ружьишко для отпугивания ворон, – произнесла Полина, глядя на свою руку и слегка покачивая головой. - Как ужасно пахнет.

- Как теперь будем есть пищу, приготовленную этой рукой, – Сапи, приподнимавший голову с подушки, тут же снова упал на нее. - Ой, кишки мои! Бедненькие беленькие пальчики, которые держал в руках генерал...

- Если два раза протереть на песке и смыть, ничего не останется.

- Не можете даже до этого додуматься, – пробурчав и посмотрев немного сердито, Есекең и сам присоединился к всеобщему хохоту, трясаясь двумя плечами.

Полина, дав ему два хозяйственных мыла и полотенце, бурчала: – Если не втащить тебя в воду за целую ногу и не привязать до утра, просто так не отмоешься.

Обычно вступающий в таких случаях в перепалку, Есекең, коль его честь была уже привязана к хвосту собаки, на этот раз лишь выпустив свое «Ыш-ш», немного постояв, смущенно вышел.





Шөпшілер жарық жағып, етек-жендерін жинап, масахана құрды. Озат атанып, сыйлық ақша мен жалауша алудың өздеріне тым ауыр тигенін іштей мойындасып, енді қисая бергенде сырттан тосын айқай қайта көтерілді:

– Қайдан ғана келе қойып еді?!

– Зықымызды шығарды-ау!

– Енді сорлыны қамыс арасынан қабан жарып кетпесін, – десіп сыртқа атып-атып шығысты. Бұл кезде «ойбайын» салып қашқан Есекең қосқа жетіп те қалған еді.

– Есеке-ау, сізге не көрінді? Бала болып кеткеннен саусыз ба? – десіп шөпшілер бәйгеден келе жатқан атты тосқандай алдынан тізіліп шықты.

Екпінін әрең басқан қарауыл:

– Ыш-ш-ш... – деп жағы қарысып қалғандай көзін алақтатып, қамыс жаққа қолын сермей берді.

– Қабан ба?

– Ыш-ш... Аманжол! – деп тілін кәлимаға әрең келтірді.

– Аманжол?

– Ыш-ш... қамыстан өтіп, суға тақай бергенде бет-бет соқтығысып қала жаздадым. Сабын мен орамалды екі жаққа лақтырдым да... ыш-ш...

– Байғұс-ай, бүгін ішінді әбден тазаладың-ау, – деп Полина қолтығынан демеді.

\* \* \*

Біздің ауылда жел тұрмаса да шөп басы қимылдайды. Қимылдағаны емей немене, кеудесіндегі жараға киіз күйдіріп басып үйінде жатқан қырсық Аманжол мен айдаладағы шөпшілердің шәлем-шәлкес басталған айтысы уақыт өлтірмей екі жаққа да дер кезінде жетіп тұрды.

– Өңшең қырт! Шетінен қырам да жоям! – деп



Косари, зажигая светильники, приводя себя в порядок, стали устанавливать пологи для защиты от комаров. Внутренне признав, что получение премий и вымпелов обошлось им очень тяжело, только было, стали готовиться ко сну, как снаружи внезапно раздался новый крик.

- И откуда он только взялся на нашу голову.

- Достал уже всех.

- Как бы теперь этого несчастного в камышах не заporол кабан, – переговариваясь, друг с другом, все выскочили наружу. В это время бежавший с криками Есекен добрался уже до стана.

- Есеке-эй, что вам привиделось. Случайно не впали в младенчество? – косари, задавая вопросы, словно ожидая прибытия коня со скачек, гурьбой вышли навстречу.

Еле успокоивший дыхание сторож, прошипев: – Ыш-ш-ш, – выпучив глаза, лишь онемело указывал рукой в сторону камышей.

- Кабан, да?

- Ыш-ш, Аманжол! – воскликнул он, с трудом приведя речь в норму.

- Аманжол?

- Ыш-ш, пройдя сквозь камыши, только было вошел в воду, чуть-чуть не столкнулся лицом к лицу. Выбросив мыло и полотенце в разные стороны... Ыш-ш...

- Несчастный, сегодня вконец очистил свой желудок, – молвив это, Полина поддержала его за подмышки.

\* \* \*

В нашем ауле травы колышутся даже в безветренную погоду. А как же иначе, если продолжение столкновения буяна Аманжолла, прижигавшего паленой кошмой рану на груди и заброшенных в дикой степи косарей, не занимая много времени, было известно обеим сторонам.

- Размазня сплошная! Уничтожу всех подряд! –



Аманжол жалғыз өзі іргеге қарап жатып жұдырығына түкіреді.

– Шауып аларсың! Жұмыстан айдап шығып, қараңды батырайық, – деседі бұлар шөп шауып жүріп. Тракторына газды екпіндете басады.

– Бұл ауылда енді тұрмаймын. Көшемін. Нағашыма кетем, – дейді келесі күні тоқал тамының төбесіне шыққан Аманжол алысқа көз тігіп.

– Қырым асып кетсе де өзі білсін. Бауырымыз шіріп бара жатыр еді, – дейді қарсы жақ та лезде.

– Дегенмен, ұят істедім. Өзім де итпін ғой, – деп тағы бір күн өткен соң Аманжол торығып, жасиды.

– Жалпы жаман жігіт емес. Тәрбиелеп жіберсек неғылсын?.. – деседі бригада мүшелері жұмыстан келе жатып.

– Айыбымды жуып-шаям. Кешірім сұраймын. Аяқтарына санап тұрып жығыламын, – деп төртінші күні айыпкер қолына тор сеткі ұстап дүкенге, пышақ ұстап ерте туған маркаға жүгіреді.

– Ер көңілді жігіт қой. Қайтып үйірін табатынын білгенбіз, – десті қос басы жайбарақаттанып.

Бесінші күн дегенде қара жолдың бойымен құйттай тракторын селкілдетіп, артына шумақ-шумақ шаң қалдырған Аманжол дала қосына маңдай тіреді.

T-25-ті сөндіріп, жүгін жерге түсіріп, кешкі асын ішіп топтанып тұрған жігіттерге қарап, жүрексінгендей аз-кем бөгелді.

Оның батпай, төменшіктегенін сезсе де, шөпшілер тырп етер емес.

Тек анадай жерде ерімен жайылып жүрген қаруылдың жирен қасқасы оқыранып, тұсауымен екі-үш шапшып қойды.

скрипел зубами и глядел на угол Аманжол, лежа один и оплевывая свой кулак.

- Да, уж, покосишь. Уволив с работы, выметем даже тень, – как бы спорили с ним они на сенокосе, газу на своих тракторах.

- Не стану жить в этом ауле. Перееду. Уеду к родичам матери, – цедил сквозь зубы Аманжол, взобравшись на низенькую крышу своего домика и вглядываясь в даль.

- Пусть хоть уедет за Крым. Как будто от этого у меня печень разложится, – гласила вторая сторона, споря с ним.

- Все-таки, нехорошо поступил, стыдно. Ну, и собака же я! – корил себя уже через день Аманжол, отчаявшись и смирившись.

- В целом, неплохой парень. Куда он денется, если воспитаем, – судили члены бригады.

- Смою-ополощу свою вину. Попрошу прощения. Упаду под ноги, пересчитывая их, – каялся виновник на четвертый день. То, взяв в руки хозяйственную сетку, плелся в магазин, то, взяв нож, бежал к ягненку раннего окота.

- Мужественный все же джигит. Знаем, что, в конце концов, вернется в свой коллектив, – уже удовлетворенно рассуждали все.

На пятый день Аманжол на маленьком тракторе, трясаясь по степной дороге и оставляя за собой клубки пыли, притормозил у стана.

Выключив T-25, опустив на землю груз, посмотрев на поужинавших и собравшихся в группу джигитов, как будто не решаясь, поздоровался жестом.

Косари, хотя и чувствовали его нерешительность и подавленность, даже не шелохнулись.

Только рыжий с белой отметиной на лбу конь сторожа, пасущийся с седлом на спине, заржав, два-три раза подняв опутанные ноги и вставая на дыбы, наконец, утихомирился.



Ақыры келген соң не тұрыс бар деп он шөлмек арақ пен марка қозының еті салынған жәшікті қолына алды.

Қосқа тақағанда ұядағы сарыауыз балапандай шүпірлеп, мойын созып тұрған шөлмектің тығындары батар күннің бояқ сәулесіне шағылып, шөпшілерге қарап жымыңдады. Жігіттердің де жүзіне шырай жүгірді.

– Ассалау-мағалей-көм, – деп қолындағы жүкті жерге қоя беріп, Аманжол даусын құран оқығандай созды.

– Қара басайын десе қиын ба, менен бір еркелік өтті. Ағайын-тума, кек сақтамай кешіріңдер!

Полинадан бастап қос қолын ұсынып жағалай амандасты. Кезек Есекенге келгенде атам заманнан көрмей сағынысқан құдалардай төс түйістіріп, екі қайыра көрісті.

– Айып-айбанаммен келдім. Иілген бас, міне, алдарында, – деп желкесін оң қолының қырымен шапты.

– Сталиннің кесірі тимей жүре ме? Бәрі содан басталды. Сенің одан асқан жазығың жоқ, – деп иіп кеткен Есекен кірпігін шылады.

– Мені де кешір! Тістеп айырылмағасын, құрып кеткір қолыма ілігіп... Жараң жазылды ма? – деп Нұқ үйірсектеді. Төбелестің негізгі иелері жарасқасын, құр қашты-қудыға түскен өзгелерге не жоқ, қомақты қоржынға қарай берді.

– Ыш-ш... ой, Алла-ай, о да бір дәурен, бұ да бір дәурен, – деп сәлден соң Есекен дастарқан басында желдей есіп отырды.

– Екі дәуреннің ортасында бір ғұмыр өтіп барады. Келіңіз, Есеке, – десіп өзгелері қауқылдассын.

– Алып жіберейік...

Аспаз құрал-жабдығын түгендеп кеп шай жүгіртті.



В конце концов, решив, что зря стоять нет смысла, взял в руки ящик с десятью бутылками водки и мясом ягненка.

Когда поднес ящик к вагончикам, пробки на вытнутых шейх бутылок, со звоном поклевывая друг друга, как будто желторотые птенцы из одного гнезда, отражаясь под светлыми лучами солнца и хитро посматривая на косарей, завораживали их взгляды. Лица джигитов преобразились.

- Ассалау-мағалей-кум, – Аманжол, опустив груз, растянул приветствие, как при чтении Корана.

- Ведь не трудно наступить на скверну, и я допустил баловство. Братья-родичи, простите меня, не тая зла.

Подав обе руки, стал по ходу, здороваться со всеми, начиная с Полины. Когда очередь дошла до Есекена, словно сваты, не видевшиеся со времен дальних предков, приударяясь грудями, стали приветствовать друг друга повторно.

- Прибыл отмыть вину повинностью. Вот преклоненная пред вами голова, – покаявшись, он рубанул ребром ладони по шее.

- Разве может Сталин не наносить вреда. Все началось с него. У тебя вины не более чем у него, – размякший Есекен, выговорив это, вытер мокрые ресницы.

- И меня прости. Коль, вцепившись, не отрывался, пропади он пропадом, попав, в руки... рана твоя зажила? – выпалив это, начал общение Нух. Раз основные участники драки помирились, чего не хватало остальным: те, кто просто бежал или прятался, – стали без конца поглядывать на внушительную тару.

- Ыш-ш, ай, Алла-ай, и там свет, и здесь свет, – Есекен, изрекавший это, тут же сел за стол.

- Посередине между тем и этим светом, протекает жизнь. Поближе, Есеке, – заговорили остальные. – Выпьем же...

Повариха, разместив, посуду, стала разливать чай.



– Полина апайдың оң қолымен пісірілген тамақты ішіп жүрміз. Әзірге ұшынған кісі жоқ. Болашақта болмаса... – деп жаяу әскер Сапи жымындады.

– Пайғамбар жасынан астыңыз, сонша сасқаныңыз не?

– Мылтықтың аузына мың адам сыйып кетеді екен.

– Жо-жоқ, екінші рет қамыс жақтан... Обалы не керек, атша шабады екенсіз.

– Қой, баланы ұялтпай тыныш отырыңдар, – деп Аманжолды нұсқап кеу-кеулескен шөпшілерге басу айтты.

Қырғынның арты қызыққа айналғасын жігіттер қоя ма:

– Апырым-ай, білсекші, Тұрсекеңнің жүйрігін-ай!  
– Желге қарсы қашқанда қарасын көрсетпей кетті.

– Енді оңай дейсің бе, бригаданы бастап барады ғой.

– Қойыңдар, балалар! Ыш-ш... – деп Есекең марканың кәрі жілігін қолға алды. – Кезінде бұрап сындыратын ем.

Полина мырс етіп орнынан көтеріле берді. Тентек су мен тентек қосылған соң шолақ жең көйлек тұра ма, Аманжол кәнігі дағдысымен үстінен сыпырып алып іргеге атты.

Осыны тосқандай кеудеден сопаң етіп Иосиф Виссарионовичтің басы қайта көрінді. Бәкінің ұшы астыңғы ерніне тиген екен, ақжарғақтана бастапты.

Көзі кілгіріңкіреп отырған Нұқ оған ұзақ тесіліп қарады да, далаға шыға жөнелді. Әлден уақытта қолына қызыл жалаушаны ұстап қайта оралды.

– Аманжол, – деді саңқ етіп. – Мына жалаушаны тракторымнан шешіп әкелдім. Мұның иесі – өзің. Келесі жолы мен алармын.



- Вкушаем пищу, приготовленную правой рукой тетки Полины. Пока никто не отравился. Может, потом, – начал шутить и посмеиваться пехотинец Сапи.

- Перевалили возраст пророка, отчего же так испугались-то?

- Оказывается, в дуло ружья вмещается сто страхов и тысяча людей.

- Не-нет, во второй раз, со стороны камышей... Что там говорить, оказывается, скачете не хуже коня.

- Прекратите, не стыдите молодца, сидите спокойно, – выговорил Есекен, поддержав Аманжол, и утихомирил косарей.

Коль раздор закончился уморой, разве джигитов остановишь.

- Вот, да, знали бы мы, как быстроног наш Турсеке. Убегая против ветра, даже силуэт свой не дал уловить.

- Ты думаешь легко, ведь во главе бригады должен быть.

- Прекратите, дети. Ыш-ш, – сказав и взяв в руки часть ноги ягненка, Есекен добавил: «В свое время ломал, выворачивая».

Полина, фыркнув, поднялась со своего места. Когда буйная жидкость влилась в буяна, разве может на теле свободно уместиться рубашка с короткими рукавами, – Аманжол, сдернув ее с себя, швырнул в угол.

Будто ждавшая этого, голова Иосифа Виссарионовича, выскочив, снова показалась на груди. Острие ножа, видно, задело нижнюю губу, рана начала покрываться белой чешуей.

Молчавший всё время Нух, долго и пристально рассматривая ее, вышел наружу. Спустя время вернулся, держа в руках вымпел.

- Аманжол, – обратился он звонко, – вымпел я принес, сняв со своего трактора. Его хозяин теперь ты. Я получу в следующий раз.



– Міне, азамат! Жарадың, – деп бір-біріне жалауша тапсырып, дастарқан басында құшақтасып қалған екеуіне сүйсінген Есекең құшыры қанып, аспаздың тақымынан мытып жіберді.

– Қазір Полина ән салады.

– Осындай ауызбірліктен жазбағай! – деп Тұрсын бригадир көзіне қайта жас алды. – Не жетпейді осы бізге?..

Сталин ғана қоймай қауқылдасқан қазақтарға ернін шығарудан танар емес.

- Вот это по-мужски! Молодец, – воскликнул Есекең, залюбовавшись двоими, передававшими друг другу вымпел и обнявшимися за столом, и тут же с довольным видом сжал колена поварихи.

– Сейчас Полина споет нам.

- Да не лишиться бы такого единения, – подытожил вечер бригадир Турсун, снова выпустив слезы из глаз. - Чего не хватает нам всем?..

Лишь Сталин не прекращал выпячивать раненую губу в сторону беспрестанно гомонящих казахов.

*Примечания:*

• *насыбай* – табак, который кладут под язык

